



Автор: Жұмабаева Асел Абугалиевна

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Өзім туралы

Тақырып: Менің отбасым

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.1.1.3 Түрлі дереккөздерді зерттеу арқылы жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтау
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Отбасы туралы түсініктері кеңейеді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бресе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Тілдік мақсаттар:	Отбасы мүшелері.
Күтілетін нәтиже:	Отбасы мүшелерін біледі, атай алады
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Құндылықтарды дарыту:	
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
Пәнаралық байланыс:	Музыка, қазақ тілі.
Бастапқы білім:	О  ске сай маркерлер алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Бағалау парақшасымен таныстыру Топтарға бөлу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Аялы алақан» Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту. Нұсқаулық: қатысушылар шеңбер болып отырады. «Бүгінгі сабақтан не алғыңыз, не көргіңіз келеді?» — сұрағын оқушыларға қойып, сұрақтарға жауап алу. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады. (Тренинг соңында қатысушылар дөңгеленіп қолдарын ұстайды)	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Білу және түсіну Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. Кез-келген адамның өз отбасы бар. Отбасы-қоғамның бір бөлшегі. Оған бір үйде тұратын ең жақын адамдар жатады. Олар: атасы мен әжесі, әкесі мен анасы, ағасымен әпкесі және іні-қарындастары. «Көшбасшы және тыңдаушылар» әдісіБерілген жаңа тақырыпты түсіндіру үшін сыныптан өз еркімен бір оқушыКөшбасшы ретінде өзін ұсынады. Көшбасшының қалауынша мәтінмен жұмысжүргізу. Сенің Отбасыңда қанша адам бар? Өз отбасыңдағы адамдар жайлыөңгімеле. Қамқор болу, қамқорлық деген ұғымды қалай түсінесің? Талдау«Ыстық орындық» орындық әдісі (Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оныайнала қоршай орналастырылады. Жаттығудың сипаттамасы: Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.	«Көшбасшы және тыңдаушылар» әдісі
Сабақтың соңы		Синтез "Таңда да таста" әдісі https://www.akavideos.com/watch?v=RAo-zw5U8gQ
Рефлексия	"Таңда да таста" әдісі	